

«Тексерілді»

«Балбөбек» жекеменшік
шағын орталығының
әдіскері Г.К.Сагпазова

Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет

Тақырыбы: «9 мамыр-Жеңіс күні»

Өткізген №2 «Балбөбек»

ортаңғы тобының

тәрбиешісі Уақбаева Н.Ж

2022-2023 оқу жылы

«9 – мамыр – Жеңіс күні»!

Мақсаты: 1. Ұлы Отан соғысы туралы мағлұмат беру.

9 мамыр – Жеңіс күні туралы түсіндіру. Мерекелік отшашуды бейнелеуге үйретуді жалғастыру, тақпақтарды мәнерлеп айтуға жаттықтыру, сұрақтарға дұрыс жауап беруге баулу.

Балаларды Отанын, елін, жерін сүйуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Ұлы Отан соғысы туралы суреттері, батырлардың суреттері.

Тақырыптық іс-әрекетінің барысы:

Ән: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Ән ұраны

Шаттық шеңбері:

Армысың, Алтын күн!

Армысың, Көк аспан!

Армысың, Жер ана!

Армысың, достарым!

Армысың, қонақтарым!

Тәрбиеші: -Балалар, қазір жылдың қай мезгілі? Көктем.

-Көктем мезгілінің қайсы айы? Мамыр.

Көңіл-күйлер қалай? Жақсы.

Тәрбиеші: 9-мамыр Жеңіс күні-бүкіл дүниежүзі бойынша үлкен мейрам.

Әсіресе, бұл мерекені екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығын өз мойнымен көтеріп, Отан үшін от кешіп, соғыстың қанға бөккен даласында қайсарлықпен шайқасқан, Жеңістің туын желбіреткен, Ұлы Отан соғысының ардагерлері үшін ерекше мейрам.

Құрметті балабақша ұжымы және балалар! Бүгін 9- мамыр Жеңіс күні мерекесі құтты болсын. Биыл міне осы соғыстың аяқталғанына да 78 жыл болды. Біздің бейбіт өмір сүруіміз үшін жанын қиған, ерлікпен қаза тапқан ата-әжелеріміздің есімін ешуақытта ұмытпауымыз керек. Жеңіс күні құтты болсын.

-Күндіз күлкі, түнде ұйқымыз тыныш болсын деген тілекпен, бүгінгі «9 мамыр – Жеңіс күні » атты тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекетіміз, бізге балалық шақ, бейбіт өмір әперген Ұлы Жеңіске арналады.

Тәрбиеші: Біз үшін Жеңіс күнінен асқан қымбат мереке жоқ. Әрбір көктем бізді ойша сонау ұмытылмас, әрі көптен күткен 1945 жылдың 9 Мамырына қайта оралтады.

Дәл осынау жадыраңқы жай күні,

Болсадағы қай ғасырды, қай күні.

Ұлы Отаным басын иіп бір минут,

Есіне алмақ сол бір апат қайғыра. (бір минут үнсіздік)

1941 жылы 22 маусым күні таңшапағы жаңа ғана арайлап келе жатқан кезде фашистік Германия елімізге опасыздық пен басып кірді. Ұлы Отан соғысы осылай басталды. Отанымыздың басына ауыр күндер туды, елімізге шабуыл жасап соғыс ашты.

Бұл соғыс Ұлы Отан соғысы деп аталды, әрі бұл соғыс біраз жылға созылды. Сөйтіп, 1945 жылы 9 – Мамыр күні біз фашистерді жеңіп шықтық.

Тәрбиеші: Өз халқының батырлығын әлемге әйгілі еткен қазақтың батырлар Бауыржан Момышұлы, Мәншүк Мәметова, Әлия Молдағұлова.

Тәрбиеші: Мәншүк 1922 жылы дүниеге келген. Шын аты Мәнсия. Анасы еркелетіп Моншақ деп кеткен. Әкесі дәрігер болған. Мәншүк соғысқа өз еркімен аттанады. Мәншүк ол кезде не бары 19 жаста болған. Елін жаудан қорғаймын деп шепке сұранып пулеметші болады. Өзі қорғаған Невель қаласында Мәншүкке ескерткіш қойылған.

Тәрбиеші: Батырлар туралы тақпақтарды кім біледі?

Даниэл.

Сонау жылы жер-көкті,
Соғыс бұлты торлаған.
Сонда Мәншүк апамыз,
Жаудан елді қорғаған.

Сафия:

Мәншүк апай батыр қыз,
Ардақтаймыз атын біз.
Ұқсап Мәншүк апайға,
Өсіп келе жатырмыз.

Медина:

Айтамыз біз өлеңге,
Айтамыз біз ән қылып.
Мәншүк апай ерлігі,
Ұмытылмас мәңгілік.

Тәрбиеші: Әлия 1924 жылы Қобда ауданы Көкбұлақ деген жерде туған. Екі жасында жетім қалып, Әубәкір деген ағасы өз тәрбиесіне алады. Кейін ағасы Ленинград қаласына көшіп келеді де, Әлия сол қалада оқиды. Отбасының жағдайына байланысты Әлия кейін балалар үйінде тәрбиеленеді. Соғыс басталғанда ол 17 жаста еді. Сол кезде майданға өзі сұранып, атқыштар даярлайтын бөлімді бітіреді.

Азима:

Әлияны бұл күнде,
Барлық бала біледі.
Әлия апа көңілде,
Әпкеміз деп жүреді.

Бота:

Елінің намысын қорғаған
Батыр қызы қазақтың!

Тәрбиеші: Момышұлы Бауыржан (1910 - 1982) – екінші дүниежүзілік соғыстың даңқты жауынгері, халық қаһарманы, қазақтың көрнекті жазушысы. Туған жері - Жамбыл облысының Жуалы ауданындағы Көлбастау мекені. Бауыржан жеті жылдық мектепті бітіргеннен кейін біраз уақыт мұғалім болған. Сонда жүргенде кезекті әскери міндетін өтеуге шақырылып, онда бір жарым жыл жүріп, запастағы командир атағын алады. Содан қайтадан Қызыл Армия қатарына шақырылып, түрлі әскери бөлімдерде взвод, рота, командирі болады.

И:Алихан:
Қазақтың қамы үшін,
Жүрегі ауырған.
Елінің намысын
Қорғаған Бауыржан!

Әлижан:
Атам Отан қорғаған,
Онда қорқақ болмаған.
Алтын жұлдыз кеуде де,
Нағыз батыр ол маған!

Қасым:
Әскердегі ағамыз.
Одан үлгі аламыз
Бізде сондай боламыз.

Тәбиеші: Балалар, жеңіс туралы тақпақтар айтайық.

Абдумалик:
Жеңіс келді ән болып,
Жеңіс келді алақай,
Ұмытылмас мәңгілік.

Муслима:
Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді қалама,
Жеңіс келді әке болып
Елдегі көп балаға.

Алинұр:
Жеңіс келді далама,
Жеңіс келді қалама.

Тәрбиеші: Балалар, Отан туралы тақпақтар айтайық.

Зере:

Бейбітшілік болса,
Туған жер құлпырады.
Үйлер де құламайды,
Ешкім де жыламайды.

Айзере:

Жас ұрпақ тілегі,
Бейбіт күн асқары.
Ашық болып тұрсын де,
Әлемнің аспаны!

Тәрбиеші: Мақал – мәтел:

Хафиз: «Отан – оттан да ыстық»

Д: Айзере: «Отан үшін отқа түс, күймейсің!»

Хормен: «Біз Отанымызды мақтан етіп, сүйеге, қорғауға ант етеміз».

Тәрбиеші: Рахмет, балалар!

Тәрбиеші: -Отшашу-қуаныштың нышаны .Жеңіс күнін тойлаудың өзгермейтін атрибуты. Сондықтан балалар қазір біз Жеңіс күніне арнап мерекелік отшашуды бейнелейтін боламыз.

Балалардың екі топқа бөлінеді. Бір топтың балдары мерекелік отшашудың суретін ақ қағазға мақталы таяқшаның көмегімен салады,ал екінші топтың балалары от шашудың бейнесін жапсырады.

Тәрбиеші балалардың жұмысын қадағалайды.

Тәрбиеші:

Бақыт сыйлап жатады әр күн,
Санамызға жарық берген.
Әкелері аталардың
Бұл Жеңісті алып келген.
Қуантамыз ән сап жұртты,
Келе берсін бақыт таңы.
Жеңіс күнің болсын құтты!

Тәрбиеші: Осымен 9 мамыр мерекесіне арналған тақырыптық іс-әрекетіміз аяқталды. Сау болыңыздар!

Тақырыптық ұйымдастырылған іс-әрекет
Тақырыбы: «9-мамыр – Жеңіс күні»
№2 ортаңғы тобының тәрбиешісі Н.Уакбаева

